



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

20__ жылғы “_____” _____
№ _____

«__» _____ 20__ года
№ _____

2019 жылғы 8 мамырда
жарияланды

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
С.К. Омаровқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Сапархан Кесікбайұлы!

Елбасы тапсырмаларын орындау шеңберінде, мал басын көбейтуді ынталандыру тетігі ретінде, өзге де мемлекеттік бастамалар қатарында «Сыбаға» атты шағын және орта кәсіпкерлерді несиелендіру бағдарламасы әзірленді.

Оның сөзсіз көкейтестілігі мен қажеттілігін ескере отырып, «Сыбаға» бағдарламасының шеңберінде қойылған мақсаттарға қарама-қайшы келетін бірқатар елеулі кемшіліктері бар.

1. Сатып алынатын ірі қара мал міндетті түрде тек қана шетелден импортталуы тиіс.

Импортталатын мал басы 50-100 бас шегінде болуы және барлық ветеринариялық эпизоотиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс, құзыретті органдар арқылы сапалық бақылаудың болуы, кедендік, карантиндік ресімдеуден өтуі тиіс.

Бұл талапты қабылдауға болмайды, өйткені шағын және орташа шаруашылықтар үшін қаржы мен ресурстар бойынша тиімсіз.

Бұл ретте елімізде жеке меншік асыл тұқымды мал шаруашылықтары бар. Бірақ олар «Сыбаға» бағдарламасы үшін малды сатып алу үшін тартылмаған, яғни, шетелдік репродукторлармен салыстырғанда, біле тұра тең емес жағдайға қалдырылған. **Бұл соның ішінде отандық асыл тұқымды мал шаруашылығының дамуына шектеу қояды.**

(2018 жылға арналған деректер бойынша Қазақстан Республикасында 1 044 асыл тұқымды мал шаруашылығы бар, олардың ішінде ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың саны 282,4 мың басты құрайды. Оның ішінде, тек қана «ҚазАгро» холдингі» АҚ-ның еншілес компаниялары арқылы 2007 жылдан бастап 2017 жылға дейін 46,2 млрд. теңге сомасына 103 репродуктордың құрылуы қаржыландырылды, әкелінген аналық мал басының жалпы саны 70 879 басты құрады).

Жергілікті репродукторлардың және асыл тұқымды мал шаруашылықтарының аналық мал басы шетелден әкелінетін малмен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие:

- малды тасымалдауға және ресімдеуге шығындар аздау;
- кедендік және карантиндік ресімдеу қажеттілігінің және оған байланысты шығындардың жоқтығы;
- малмен бірге эпизоотиялық ауруларды енгізу тәуекелінің жоқтығы;
- жергілікті репродукторларда ІҚМ-ның «Қазақтың ақ бас», «Әулікөл» сияқты жергілікті тұқымдарының және шетелдік тұқымдардың («Ангус», «Герфорд») асыл тұқымды мал басы өсіріліп жатыр, ал салмақ пен төл өсімінің көрсеткіштері бойынша шетелдік тұқымдардан кем түспейді.

2. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша қолда бар төлді міндетті түрде бір жолғы ұстаудың кемінде 1000 бас саны бар мал жемдейтін алаңға өткізу қажет (зәкірлік кооперация шеңберінде). Нәтижесінде, фермер өзінің жеке меншік малын әрі соя алмайды, әрі оны бәсекелік баға бойынша нарықта сата алмайды.

Кейде осындай ірі алаңды табу үшін малды бір өңірден екінші өңірге тасымалдауға тура келеді.

Бұл, біріншіден, мал жемдейтін алаңдарды тең емес жағдайға қалдырады.

Екіншіден, мал жемдейтін ірі алаңдарға, монополистік жағдайды пайдалана отырып, малдың сатып алу құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Ақырында, өздерінің міндеттемелерін әлі өтемеген қарызгерлерді шын мәнінде малды нарықтан төмен баға бойынша сатуға мәжбүрлеп отыр. Бұл «Сыбаға» бағдарламасының мәлімделген мақсаттарын – шағын және орташа шаруашылықтарды дамытуды, ет шаруашылығын көбейтуді мүлдем мағынасыз етеді.

Көрсетілген талапты мүлдем жарамсыз деп санаймыз.

3. Асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялау қағидаларына сәйкес ет бағытындағы шетелдік мал басын сатып алу 1 сатып алынған бас үшін 225 000 теңге мөлшерінде субсидиялауға жатады, ал сол арада отандық аналық мал басын сатып алудың субсидиялауы жүргізілмейді.

Осындай кемсітушілік салдарынан отандық асыл тұқымды мал шаруашылықтары мен репродукторлары қазіргі таңда аналық мал басын өткізу кезінде қиындықтарға тап болады және де аналық мал басын етке союға мәжбүр.

Яғни, ақылға сыймайтын жағдай қалыптасуда, бір жағынан аналық мал басы шетелден әкелінеді, ал екінші жағынан отандық асыл тұқымды мал шаруашылықтарын өнімді аналық мал басын етке союға мәжбүр етеді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, мыналарды қажетті деп санаймыз:

- шетелден асыл тұқымды малды міндетті түрде сатып алу бойынша шарттарды қайта қарау;
- мал жемдейтін алаңға төлді міндетті түрде өткізу бойынша талаптың күшін жою;
- ІҚМ-ның отандық аналық мал басын сатып алуды субсидиялау мүмкіндігін қарастыру.

«Сыбаға» бағдарламасының жоғарыда аталған кемшіліктері оның ең елеулі аспектілеріне қатысты. Бұл кемшіліктерді жоймай, біз бағдарламаны шарасыз сәтсіздікке ұшыратамыз.

Сізден қарауыңызды және заңмен белгіленген мерзімде жазбаша нысанда қолданылған шаралар туралы жауапты ұсынуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

Депутаттар

Н. Әлтаев

Б. Оспанов

Ж. Дүйсебаев

Е. Барлыбаев

А. Дәуренбаев

А. Ералиев

С. Звольский

С. Қаныбеков

Р. Ким

А. Қоныров

М. Теміржанов

И. Клименко

Б. Тілеухан

З. Балиева

Қ. Сұлтанов

Т. Яковлева

М. Пішембаев

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Сапархан Кесикбаевич!

В рамках исполнения поручений Елбасы, как механизм стимулирования роста поголовья скота, в ряду иных государственных инициатив, была разработана программа кредитования малых и средних предприятий «Сыбаға».

Учитывая ее несомненную актуальность и необходимость, программа «Сыбаға» содержит ряд существенных недостатков, которые противоречат поставленным в ее рамках целям.

1. Приобретаемый крупный рогатый скот обязательно должен импортироваться только из зарубежных стран.

Импортируемое поголовье должно быть в пределах 50-100 голов и соответствовать всем ветеринарным эпизоотическим требованиям, иметь бонитировку через компетентные органы, пройти таможенное, карантинное оформление.

Это требование неприемлемо, так как неподъемно по финансам и ресурсам для малых и средних хозяйств.

При этом, в стране есть собственные племенные хозяйства. Но они не задействованы в закупе скота для программы «Сыбаға», т.е. поставлены в заведомо неравные условия в сравнении с зарубежными репродукторами. Это ограничивает, в том числе, и развитие отечественного племенного хозяйства.

(По данным на 2018 год в Республике Казахстан имеется 1 044 племенных хозяйств, количество племенного крупного рогатого скота мясного направления в них составляет 282,4 тысячи голов. В том числе, только через дочерние компании АО «Холдинг «КазАгро» с 2007 по 2017 годы профинансировано создание 103 репродукторов на сумму 46,2 млрд. тенге, общее поголовье привезенного маточного поголовья составило 70 879 голов).

Маточное поголовье местных репродукторов и племенных хозяйств имеет ряд преимуществ в сравнении с завозимым из зарубежных стран скотом:

- меньшие затраты на перевозку и оформление скота;
- отсутствует необходимость таможенного и карантинного оформления, и связанных с этим затрат;
- отсутствуют риски завоза вместе со скотом эпизоотических болезней;
- в местных репродукторах выращивается племенное поголовье местных пород таких как «Казахская белоголовая», «Аулиекольская» и зарубежных («Ангус», «Герефорд») которые максимально адаптированы под местные условия, а по показателям привеса и приплода не уступают зарубежным породам.

2. По программе «Сыбаға» имеющийся приплод необходимо в обязательном порядке реализовать на откормочную площадку с численностью

единовременного содержания не менее 1000 голов (в рамках якорной кооперации). В результате, фермер не может забить свой собственный скот, и не может продать его на рынке по конкурентной цене.

Иногда приходится, чтобы найти такую крупную площадку везти скот из одного региона в другой.

Это, во-первых, ставит в неравные условия откормочные площадки.

Во-вторых, позволяет крупным откормочным площадкам, пользуясь своим монопольным положением, занижать стоимость закупа скота.

В итоге, заемщиков, которые еще не погасили свои обязательства, фактически заставляют продавать скот по цене ниже рыночной. Это делает абсолютно бессмысленными заявленные цели программы «Сыбаға» - развитие малых и средних хозяйств, рост мясного животноводства.

Считаем, что указанное требование категорически неприемлемо.

3. Приобретение зарубежного маточного поголовья мясного направления согласно Правил субсидирования развития племенного животноводства подлежит субсидированию в размере 225 000 тенге за 1 приобретенную голову, тогда как субсидирование приобретения отечественного маточного поголовья не производится.

Из-за такого рода дискриминации отечественные племенные хозяйства и репродукторы в настоящее время испытывают затруднения при сбыте маточного поголовья, и вынуждены сбывать продуктивное маточное поголовье на мясо.

То есть, складывается абсурдная ситуация, с одной стороны маточное поголовье завозится из зарубежья, с другой стороны отечественные племенные хозяйства вынуждены забивать продуктивное маточное поголовье.

Учитывая изложенное считаем необходимым:

- пересмотреть условия по обязательному закупа племенного скота из зарубежных стран;

- отменить требование по обязательной реализации приплода на откормочную площадку;

- рассмотреть возможность субсидирования закупа отечественного маточного поголовья КРС.

Перечисленные выше недостатки программы «Сыбаға» касаются ее наиболее существенных аспектов. Не устранив эти недостатки, мы обрекаем программу на неизбежный провал.

Просим рассмотреть и о принятых мерах предоставить ответ в письменной форме в установленные законом сроки.

С уважением,

Депутаты

Н. Альтаев

Б. Оспанов

Ж. Дуйсебаев

Е. Барлыбаев

А. Дауренбаев
А. Ералиев
С. Звольский
С. Каныбеков
Р. Ким
А. Конуров
М. Темиржанов
И. Клименко
Б. Тлеухан
З. Балиева
К. Султанов
Т. Яковлева
М. Пшембаев

Исп. Нурбаев Н.
Т.746756